



№63 (10053)
10 тамыз,
сенбі
2024 ЖЫЛ

Жалағаш жаршысы

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады



«zhalaqash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Қасым-Жомарт Тоқаев, Қазақстан Республикасының Президенті

Орталық Азия ренессансы: орнықты даму және өркендеу жолы



I. ДАМУ МАҚСАТТАРЫНЫҢ ОРТАҚТЫҒЫ

Орталық Азия аймағы сан ғасырдан бері біртұтас геосаяси және рухани кеңістік ретінде белгілі. Бұл – табиғи ресурсы мен адам капиталы мол, мәдени-тарихи мұрасы бай өңір.

Көшпелі және отырықшы өмір салтының үндестігі мұндағы шаруашылық жүйенің негізі болып қана қоймай, аймақтың өзіндік саяси-құқықтық мәдениетін және кез келген өзгеріске бейімділігімен, төзімділігімен ерекшеленетін құндылықтар жиынтығын қалыптастыруға ықпал етті. Орталық Азия кеңістігі сан алуан империяның құрылғанына, ыдырағанына, саяси және экономикалық модельдердің табиғи жолмен дамығанына куә болды, бірақ өзіне тән бірегейлігін сақтап қалды. Халықтарымыз ежелден түрлі өркениетпен тіл табысып, қарым-қатынас орната білді. Соның арқасында бұл аймақ өзінің этномәдени және рухани ерекшелігін сақтай отырып, Ұлы Жібек жолының және тұтастай алғанда үлкен Еуразияның тарихында шешуші рөл атқарды.

Дамудың жаңа тарихи кезеңінде елдеріміз көптеген сынақ пен қиындықты бастан өткерді. Дегенмен Ор-

талық Азия республикалары «қалыптаспаған мемлекеттердің» қатарына немесе failed states деп аталатын топқа қосылады деген пессимистік болжам расталған жоқ. Аймақтағы елдер өздерінің қалыптасқан дербес мемлекет екенін дәлелдеп, халықаралық қауымдастықтағы лайықты орнын алды. Халықтарымыздың бірлігі мен даналығының арқасында біз өзіміздің аумақтық тұтастығымызды, өркіндігіміз бен егемендігімізді нығайттық.

Бүгінде өңірдегі әрбір елдің мемлекеттік құрылыс, нарықтық экономиканы дамыту, мәдени мұрасын қалпына келтіру, ұлттық бірегейлігін қалыптастыру ісінде өзіндік тәжірибесі бар десек, артық айтқандық емес.

Қоғамдық және мемлекеттік институттар жаңғыртылды. Дамыған инфрақұрылым мен өнеркәсіп желісі құрылды, мыңдаған шақырым жаңа теміржол мен автокөлік жолы салынды, маңызды әлеуметтік нысандар бой көтерді. Біздің ашықтық пен жанару жолындағы бағытымыз ұлттық экономикаларымыздың дәйекті түрде өсуін және олардың әлемдік экономикалық қатынастарға ықпалдауын қамтамасыз етті. Білім беру, денсаулық сақтау және зейнетақы жүйелерінің

жоспарлы дамуы халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайының айтарлықтай жақсаруына септігін тигізді.

Өңірдегі мемлекетаралық қатынастар да түбегейлі өзгеріске ұшырады. Елдеріміздің арасында барлық деңгейде сындарлы екіжақты және көпжақты диалог жолға қойылды, өзара тиімді ынтымақтастық дамып келеді. Осыған дейін аймақтағы қарым-қатынасты жаң-жақты дамытуға кедергі келтіріп, қайшылық туғызған мәселелерді шешу жолындағы жетістіктеріміздің мән-маңызы зор.

Су-энергетика саласында өзара тиімді шешім табуға қатысты табыстарымызды жоғары бағалауға болады. Мемлекеттік шекараларды делимитациялауға, шекарадағы өткізу бекеттерінің жұмысын жетілдіруге, көлік қатынасын кеңейтуге, жаңа бағыттарды іске қосуға және азаматтардың барыс-келісін жеңілдетуге қатысты мәселелерді кезең-кезеңімен шешуге қолайлы жағдай жасалып отыр. Өңірдің ұзақ мерзімді қауіпсіздігін және өркендеуін қамтамасыз ету үшін күш біріктіру жолындағы іс-қимылдар да тұрақты түрде жүзеге асырылып келеді. Бұл бағыттан айнымасымыз анық.

Бүгінгі таңда бес мемлекет арасындағы саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық қатынастар нақты мазмұнға ие болып, терең стратегиялық өріпестік пен одақтастық деңгейге көтерілді. Орталық Азия мемлекеттері сыртқы саяси қарым-қатынаста өзінің салықалы стратегиясын жасай алды. Бұл қадам елараалық және өңіраралық мүдделер тепе-теңдігін сақтап, елдеріміздің жаһандық үдерістерге толыққанды қатысуына жол ашты.

Орталық Азия елдері ТМД, ШЫҰ, АӨСШК, ЭЫҰ, ЕАЭО, ТМҰ және басқа да табысты әрі ықпалды ұйымдардың құрылтайшысы ретінде бейбітшілікті жақтайтын мемлекеттер екенін дәлелдей отырып, өзінің идеялары мен жобаларын көпжақты құрылымдарда белсенді түрде ілгерілетіп келеді. Міне, осының бәрі «Орталық Азия бестігін» Еуразия құрлығының төрінде тұрақты дамып келе жатқан бауатты елдер деп сеніммен айтуға мүмкіндік береді.

Ортақ тарихымыз, ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан достығымыз бен тату көршілік дәстүріміз бауырлас халықтарды бұрынғыдан да жақындастыра түсетін мызғымас тұғыр болып қала беретіні анық.

ЖАЛҒАСЫ 2-БЕТТЕ.

Серпін



Кәсіпкерлік көкжиегі кеңейген

Жалағаштықтар кәсіпкерлік саласын дамытуға негізделген мемлекеттік бағдарламаларды тиімді пайдалануда. Нәтиже де жоқ емес, әсіресе соңғы жылдары ауданда шағын және орта кәсіпкерлікте серпін қалыптасқан. Мәселен, биыл алғашқы алты айда ауданда жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 2949-ға жетсе, бүгінде оның 95,4 пайызы нақты жұмыс істеп тұр.

Салаға жауапты бөлім басшысы Жасұлан Дүйсебаев биыл 6 айда кәсіпкерлік саласына қаржы институттары арқылы 2,3 млрд теңге тартылғанын айтады. Нәтижесінде 52 жоба қаржылай қолдау тапқан. Салаға серпін беруге негізделген мемлекеттік қолдау бір жағынан ауданда жұмыссыздық мәселесін түсатуға да айтарлықтай сеп болып отыр. Мәселен, жыл басынан бері қолдау тапқан 50-ден астам жобаның арқасында 60-қа жуық жаңа жұмыс орны ашылған.

– Ауданда жеке кәсіпкер Еркебұлан Каиповтың жалпы құны 200 млн теңгені құрайтын «Ботақан» балалар ойын сауық және сауда орталығы іске қосылды. Ғазиз Исахановтың 250 млн теңгені құрайтын 140 орындық «Жас қыран» бөбекжай балабақшасы пайдалануға берілді. Жыл аяғына дейін жұмысын бастайтын басқа да кәсіпорындар бар. Өздеріңіз көріп отырғандай, саланы дамыту арқылы елдің әлеуетін көтеруге және елді мекендерде жұмыссыздық мәселесін түсатуға болады. Бұл тұрғыда мемлекеттік бағдарламаларды жалағаштықтар игілігіне жаратуда, – дейді Жасұлан Талғатұлы.

Аграрлық өңірде өндірістік жобаларға да басымдық беріліп келеді. Бұл бағытта ірі жобалар жұмысын бастамақ. Мәселен, жалпы құны 500 млн теңгені құрайтын Д.Ержановтың жеке қаражаты есебінен «Күрші ақтау және жем өндіру» зауыты жыл соңына дейін жұмысын бастайды.

Өңдеу өнеркәсібіне бағытталған инвестициялық жобалар пулы аясында жалпы құны 722 млн теңгені құрайтын 2 жоба іске асады. Оның бірі – «Таң ЛТД» ЖШС-ның жалпы құны 422 млн теңгені құрайтын «Өндірістік база» цехының құрылысы. Кәсіпорын мақсарыдан май, жүгеріден ұн және күріштен лапша өнімдерін шығарады. Жоба жыл соңына дейін толықтай іске қосылып, жаңадан 22 жұмыс орны құрылады деп күтілуде. Жеке кәсіпкер Халық Серіктің жеке қаражаты есебінен жалпы құны 300 млн теңгені құрайтын «Ақниет» құрылыс қоспаларын шығару цехы да биыл жұмысын бастайды. Цех құрылысына қажетті 6 түрлі өнім шығаруға негізделген. Кәсіпорын іске қосылса, жаңадан 6 жұмыс орны ашылмақ.

Жалпы ауданда кәсіпкерлік саласының даму көрсеткіші жоғары. Бұрыннан бұл салада қолтаңбасы бар азаматтарда да өз қаражатымен ірі жобаларды жүзеге асыруда. Ал салаға енді қадам басқандар мемлекеттік бағдарламаларды өз игілігіне жаратуда. Мұнан бөлек мемлекеттен қайтарымсыз грант алып, өз жобасын жүзеге асырып жатқандар да қаншама. Мәселен, жыл басынан бері ауданда 69 адам дәл осындай мүмкіндікке ие болған. Орталық мамандары жыл соңына дейін тағы да бірқатар жобаны қайтарымсыз грантпен қаржыландыруды көздеп отыр.

Ерлан ӘНУАРҰЛЫ

Бағдарлама игілігі

«Ауыл аманаты»: жобаның екінші кезеңі басталады



Ауыл тұрғындарын, оның ішінде ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді жан-жақты қолдау, ел тұрғындарын аграрлық бизнеске барынша тарту, азық-түлік қауіпсіздігі және елді мекендерде азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартуға байланысты мәселелерді шешу мақсатында жүзеге асырылып жатқан «Ауыл аманаты» мемлекеттік бағдарламасына бүгінде бұқара қызығушылық танытып отыр. Әсіресе ауылдықтар жобаға үлкен үміт артуда. Өйткені олар ауылда өз кәсібін бастауға немесе осыған дейін болған шағын кәсіптерін дамыта алатынына дән риза.

Аталған бағдарлама жайында тағы да жағымды жаңалық бар. «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясының басқарушы директоры Мадали Әлішерұлының айтуынша, аймақта «Ауыл аманаты» жобасының екінші кезеңі 12 тамызда басталады.

Тұрғындардың әл-ауқатын арттырып, табысын молайтуға негізделген жобаның аймақта жүзеге асырылуына 4,6 млрд теңге қаралған. Осыған сәйкес 575 жоба қаржыландырылып, 610 жаңа жұмыс орнын ашу көзделуде. Аталған ұлттық жобаны өңірімізде «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы жүзеге асырады. 12 тамызда құжаттарды amanatnesie.kz порталы арқылы қабылдау басталады.

Бағдарлама шеңберінде барлық елді мекенді бірдей қатыстыру мақсатында қаралған қаржы әр аудан және Қызылорда қаласы бойынша халық санына қарай тең бөлініп, облыстың 146 ауылдық округін қамту жоспарланған. Ауылдардың мамандануын ескере келе, несиелі қаржысы 4 бағытта негізделген. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу саласы бойынша 108 жоба қаржыландырылса, егін саласында 81 жобаға қолдау көрсетіледі. Ал мал шаруашылығы бойынша 123 жоба қаржыландырылса, басқа да түрлі бағыттағы 263 жоба мақұлданабақ.

ЖАЛҒАСЫ 3-БЕТТЕ.

Орталық Азия ренессансы: орнықты даму және өркендеу жолы



II. ДАМУДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІНДЕГІ АЙМАҚТЫҢ РӨЛІ

Орталық Азия мемлекеттері мен халықтары географиялық орнына байланысты ғасырлар бойы бірін-бірі мәдени жағынан байытуға және құрылықта өркендетаралық диалог орнатуға ықпал етті, бейбітшілік пен өзара түсіністікті сақтау ісіне қомақты үлес қосты. Орталық Азия қазір де осы ізгі әрі жауапты миссиясын табысты жалғастырып келеді.

Біздің мемлекеттеріміз Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының маңызды қарарларының тең авторлары атана отырып, жаһандық орнықты даму, жалпыға бірдей қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету, өңірлік және халықаралық құрылымдар аясында бір-біріне қолдау көрсету сияқты мәселелер бойынша ортақ ұстанымнан айныған емес.

«ОА плюс» форматындағы жаңа диалог орындарының пайда болуы Орталық Азияның халықаралық саясат субъектісі ретіндегі саяси салмағы артта түскенін аңғартады. Осыған дейін мұндай форматта 9 саммит және жоғары деңгейдегі кездесу өтті. Кейінгі екі жылда «ОА – РФ» (Астана), «ОА – ҚХР» (Сиань), «ОА – АҚШ» (Нью-Йорк), «ОА – ГФР» (Берлин) бірінші саммиттері, ОА және Еуропалық Одақ мемлекеттері басшыларының екі кездесуі (Астана, Шолпан-Ата), «ОА – ПШАМЫК» (Жидда) бірінші саммиті, сондай-ақ «ОА – Үндістан» саммиті (онлайн форматта) өткізілді. Быыл Астанада алғаш рет «ОА – Жапония» саммиті өтеді.

Осы форматтағы өзара ықпалдастыққа басқа да елдер, халықаралық ұйымдар қызығушылық танытып отырғанын атап өткен жөн. Осылайша, өңірдің әлемдік арена субъектісі ретіндегі орнын бекітуге маңызды қадам жасалып жатыр.

Жаңғыртуға және озық білімге ұмтылумен қатар, дәстүрлі құндылықтарды ұстану жолы – Орталық Азияның даму бағдары. Сөйтіп, біздің аймақ жаңарып жатқан халықаралық жүйенің дербес әрі ықпалды мүшесіне айналып келеді. Бүгінде біз халықаралық геосаяси және гео-экономикалық өзгерістердің Еуразиядағы орталығы ретіндегі рөлімізді нығайтуды көздеп отырмыз.

Өңірдің экономикалық салмағының арта түсуі, инновациялар үшін ашық болуы және зияткерлік әлеуеті оның қазіргі заманғы әлемдік құрылымның негізгі қозғаушы күштерінің біріне айналуына мүмкіндік беретін алғышарттарды қалыптастырады. Біздің мемлекеттеріміздің бұған қажетті барлық ресурстары мен мүмкіндігі бар.

Сыртқы әріптестерімізбен бірлесіп жүргізетін өңірлік жобалар аясындағы ортақ ұстанымдарымызды диалог алаңдарында жан-жақты ілгерілету үшін күш біріктіру мәселесі ерекше назар аударуға лайық.

Орталық Азияны Еуропа мен Азияның арасындағы көпір ретінде ғана емес, халықаралық қатынастар саласында жаһандық деңгейдегі жаңа орталыққа айналуға қабілетті жеке ойыншы ретінде танытатын уақыт келгеніне сенімдімін.

III. ӨЗАРА ЫҚПАЛДАСТЫҚТЫҢ ЖАҢА ФОРМАТЫ

Алдағы он жыл біздің аймақтың болашағын айқындайтын кезең болатыны айдан анық. Осы тарихи мүмкіндікті қаншалықты тиімді пайдалана алатынымыз тек өзімізге байланысты.

Жаһандық геосаяси ахуал аумалы-төкпелі болып тұрған қазіргі кезде біз өңірде өзара сенімге және ортақ әрі біртұтас қауіпсіздікке негізделген кеңістік құрдық, өңірлік ықпалдастыққа бөгет көдергілерді жойдық, көп қырлы ынтымақтастығымызды жағары сапалы деңгейге шығаратын тұғыр қалыптастырдық.

Қазақстан бүгінде Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан елдерімен одақтастық қатынас орнатып, Түрікменстанмен стратегиялық әріптестікті дәйекті түрде кеңейтіп келеді. Халықтарымыздың өзара жақын болуға ұмтылысы барлық деңгейдегі байланыстың күшеюінен де көрінеді. Мемлекет басшыларының бір-біріне жиі сапарлап, тұрақты кездесуі парламентаралық, үкіметаралық және ведомстволаралық байланыстарды тереңдетуге тиімді серпін берді.

Белсенді саяси диалог пен ізгі ниет бесжақты ықпалдастықты дамыту ісінде маңызды ұйыстырушы факторға айналды. Өңірдегі мемлекеттер бір-бірінің тәуелсіздігін, өгемендігін және аумақтық тұтастығын құрметтеу, келіспеушіліктер туындай қалса, оны бейбіт жолмен шешу сияқты іргелі қағидаттарға негізделген ынтымақтастықтың Орталық Азияға ғана тән бірегей үлгісін қалыптастырды.

Орталық Азия мемлекеттері басшыларының Астанада, Ташкентте, Түрікменбашыда, Шолпан-Атада, Душанбеде бес консультативтік кездесуі болды. Соның нәтижесінде өңірлік ықпалдастық барынша тереңдеп, кеңейе түсті. Тіпті бұрын-соңды болмаған деңгейге көтеріліп, интеграциялық үдерістер дәйекті, жүйелі және ең бастысы, үздіксіз сипатқа ие болды десем, артық айтқандық емес.

2018 жылы Астанада өткен алғашқы кездесуде өңірдегі бес елдің ықпалдастығына қатысты негізгі бағыттар айқындалды. Соның арқасында өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы байланыстар жандана түсті.

2019 жылы Ташкенттегі екінші кездесуде Орталық Азия көшбасшылары өңірлік ықпалдастықты нығайта түсетін болашағы зор бірқатар бастама көтерді. Атап айтқанда, Қазақстан ХХІ ғасырда Орталық Азияны дамыту үшін Достық, тату көршілік және ынтымақтастық туралы шартқа қол қою, сондай-ақ өңір елдерінің Қауіпсіздік кеңестері хатшыларының тұрақты кездесуін өткізу қажеттігі туралы ұсыныс білдірді. Саммиттерді өткізу регламентінің қабылдануы басқосудың маңызды нәтижесі болғаны даусыз.

2021 жылы Түрікменбашы қаласындағы үшінші саммит өте мазмұнды етті. Мемлекет басшылары Парламентаралық форум мен Жастар форумын шақыру, іскерлік кеңес құру туралы бастама көтерді. Консультативтік кездесулер символикасының бекітілуі де – айтулы қадам.

2022 жылы Шолпан-Атада өткен төртінші кездесудің басты саяси қорытындысы ретінде ХХІ ғасырда Орталық Азияны дамыту үшін Достық, тату көршілік және ынтымақтастық туралы бесжақты шартқа қол қою рәсімінің басталуын, сондай-ақ Орталық Азияның «Жасыл күш төртбі» бағдарламасының және көпжақты форматтар аясындағы ықпалдастық тұжырымдамасының бекітілуін айтуға болады.

2023 жылы Душанбедегі мерейтойлық бесінші кездесуде Орталық Азия мемлекеттері басшыларының консультативтік кездесулерінің форматын институттандыру жолында алғашқы қадам жасалды. Елдердің көшбасшылары Ұлттық үйлестірушілер кеңесін (Орталық Азия мемлекеттері басшыларының консультативтік кездесулері істері бойынша) құру туралы шешім қабылдады.

Астанадағы алтыншы консультативтік кездесуде көлік саласындағы ведомство басшыларының басқосуы одан әрі жалғасады, энергетика министрлерінің алғашқы кездесуі болады. Сондай-ақ өңірдегі мемлекеттердің бұқаралық ақпарат құралдарына және ақпарат мәселелеріне жауапты министрлері мен өзге де лауазымды тұлғаларының кеңесі өтеді.

Жалпы алғанда, жоғары деңгейдегі жүйелі кездесулер барлық бағыт бойынша бірлескен жұмысқа әлеуетін берді. Өңірлік ынтымақтастықты дамытуға арналған жол қар-

таларының қабылдануы бұған зор септігін тигізіп отыр. Оларға ықпалдастықты нығайту жөніндегі нақты іс-шаралар енгізілген. Соның нәтижесінде, аймақта сауда-экономикалық және іскерлік байланыстар айтарлықтай жанданды. Орталық Азия аумағы тарих тұрғысынан қарағанда тым қысқа мерзім ішінде сауда, инвестициялық және көлік-коммуникациялық әлеуеті жылдам артып келе жатқан өзара тиімді ынтымақтастық кеңістігіне айналды.

Кейінгі 5 жылда (2018-2023 жылдар) өзара сауда айналымы 2 есеге жуық көбейіп, 5,7 миллиард доллардан 11 миллиард долларға дейін артты. Өткен жылдың қорытындысы бойынша ішкі тауар айналымы 25 пайызға өсті. Соның ішінде Қазақстанның Орталық Азия елдерімен саудасы бытыр 26,8 пайызға артып, 8 миллиард долларға жетті.

Бірлескен ірі жобалар оған қатысушы елдерге қомақты пайда әкеліп қана қоймай, Орталық Азия экономикасының бүкіл құрылымын өзгертіп отыр.

Шекара маңындағы аудандарда сауда-логистика және өнеркәсіп хабтарының желісін дамыту ісі ынтымақтастықтың маңызды бағыты саналады. Бұл хабтар өзара сауда мен ортақ инвестициялық қызметті алға бастайтын жаңа драйвер бола алады.

Елдеріміздің логистикалық әлеуетін тиімді пайдаланудың стратегиялық маңызы артып келеді. Біз сапа өңірдің қарқынды дамуына жана-ша серпін беретін қозғаушы күшке айналуға тиіс.

Экономикалық өрлеудің нақты бастауы саналатын өнеркәсіп, энергетика, ауыл шаруашылығы, көлік және цифрландыру салаларында бірлескен кәсіпорындар құруға көп көңіл бөлініп жатыр. Орталық Азия мемлекеттерінің өнеркәсіптік кооперациясын дамыту жөніндегі іс-қимыл жоспарының биыл бекітілуі осы бағыттағы маңызды қадам болмақ.

IV. ӨНІРЛІК ЫҚПАЛДАСТЫҚТЫҢ КЕЛЕШЕГІ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ ПАЙЫМ

Осының алдында Душанбеде өткен саммит бес мемлекеттің «ортақ мекенін» трансформациялау жолында күш жұмылдыруы Орталық Азияның экономикасы дамыған және көркейген өңірге айналуына қуатты серпін беретінін тағы бір дәлелдеді. Бұл ретте Астана кездесуі өңір мемлекеттерін алдағы бес жылда (2024-2028 жылдар) дамытуға арналған жаңа кезеңнің бастауы болуы тиіс.

Қазіргі жаһансыздану жағдайында Орталық Азия өлдерінің өңіршілік ықпалдастығы оның ерекше өркеніте апаратын ретінде өзін өзі сақтауы үшін де, біртұтас болмыс ретінде өңірді тұрақтандыру үшін де аса өзекті. Елдеріміз бен халықтарымыздың тарихы мен мәдениеті ортақ болғандықтан, бес мемлекет бірін-бірі толықтырып отырады. Бұл бізді біріктіретін басты күш болуы тиіс.

Ұлы әл-Фарабидің «Халықтар бақытқа жету үшін бір-біріне көмектесе білсе, бүкіл жер беті ізгілікке толады» деген сөзі бар. Дамудың жаңа кезеңінде біздің алдымызда осы өңірдің және оны мекен еткен халықтардың тағдырын айқындайтын бірқатар маңызды мақсат-міндет тұр.

Бірінші. Орталық Азияда ғана емес, сонымен қатар іргелес жатқан аймақтарда да бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтау – ұзақ мерзімге арналған өркендеу мен дамудың маңызды алғышарты.

Қазақстанның сыртқы саясатындағы басым бағыттың бірі – тепе-теңдікті сақтауға ұмтылу. Біз әрдайым «Бейбітшілік бөрінен қымбат» деген қағидамыз ұстанамыз. Қазақстан әлем қоғамдастығының жауапты мүшесі ретінде халықаралық құқық қағидаттарын қатаң сақтау, егемендікті құрметтеу және шекараның тұтастығына қол сұқпау қажет деп санайды.

Қазақстанның бұл пайымымен келісетін елдер аз емес деп сеніммен айта аламын. Көптеген елдің ұстанымдары бір-біріне ұқсайды. Оның бәрі әділ әрі болжауға болатын әлемдік тәртіп орнатуға негізделген. Бұл ұстаным қазіргі беймаза заманда болашақ туралы сындарлы көзқарас қалыптастыруға жол ашады.

Орталық Азияның айналасында күрделі әскери-саяси ахуал сақталып отырған қазіргі жағдайда қорғаныс саясаты мен қауіпсіздік саласында бірлесе әрекет жасау қажеттігі туындайды. Өңірлік қауіпсіздік жүйесін құру, оның ішінде Орталық Азияның қауіпсіздігіне байланысты сын-қатерлер тізімін және оның алдын алу шараларын әзірлеу мәселесі өте өзекті.

Орталық Азияда біртұтас қауіпсіздік кеңістігін қалыптастыру, бұрыннан бар және жаңадан пайда болған қауіп-қатерлерге қарсы күресуге қатысты негізгі түйткілдерді шешетін кешенді тәсілдер қарастыру, олардың алдын алу және қатерлер туындаса, қолға алынатын шараларды ойластыру, сондай-ақ БҰҰ мен және осы саладағы басқа да халықаралық, өңірлік ұйымдармен белсенді ықпалдастық орнату аймақтағы мемлекеттердің ең басты басымдықтыры саналады.

Екінші. Экономикалық әлеуетімізді одан әрі арттыру, ықпалдастықты тереңдету.

Көпжақты ықпалдастықтың берік экономикалық негізін қалыптастыру мәселесі біздің өлдеріміздің айнымас міндеті болып қала беретіні сөзсіз. Өңірдегі мемлекеттердің бірлескен күш-жігері мен қуатты экономикалық әлеуетінің арқасында Орталық Азия аумағы сауда, инвестиция, ғылым және инновация саласында зор мүмкіндіктері бар кеңістікке айналып отыр.

Елдеріміздің жалпы аумағы – 3 882 000 шаршы шақырым, халқының саны 80 миллионнан асады, ал ішкі жалпы өнімі 450 миллиард долларға жуықтайды. Әлемдегі ұран қорының шамамен 20, мұнайдың 17,2, табиғи газдың 7 пайызы – біздің аймақтың өңірінде. Орталық Азия көмір өндіруден әлемде 10-шы, электр энергиясын өндіруден 19-орында тұр.

Біздің экономикаларымыз бірін-бірі толықтырып отырады. Бұл жағдай елдеріміздің сыртқы факторларға лайықты төтеп беруін қамтамасыз етіп, сауда-өндіріс саласындағы циклдерді әртараптындыруға мүмкіндік береді. Бірлескен экономикалық жобаларды тиімді іске асыру осы үдеріске оң ықпал ете алады.

Экономикаларымызды технологиялық жағынан дамыту – маңызды міндет. Біз табиғи ресурстарға тәуелділіктен біртіндеп арылуымыз қажет. Осы ретте медиа, кино, музыка, дизайн, білім беру және ақпараттық технологиялар саласын қамтитын креативті индустрия мен цифрландыру ісі экономикаға тиімді серпін беретін күшке айнала алады. Өңір елдерінің осы бағытта бірлескен жобалар әзірлеуге әлеуеті де жетеді.

Цифрлық және креативті индустрияның жалпай қарқын алуы шикізатқа сүйенген экономикадан зияткерлік сипаттағы өндіріске дәйекті түрде көшуге ықпал ететін болады. Орталық Азияның ықпалдастығы біздің өлдеріміздің ұлттық экономикалық өсімінің басты себепшісі болмағанымен, оның негізгі қайнар көзінің бірі бола алатынына сенімдімін.

Үшінші. Өңірдің жер жүзіндегі ең маңызды көлік-логистика және транзит хабтардың біріне айналуға толық мүмкіндігі бар.

Орталық Азия аймағы күн өткен сайын жаһандық көлік қатынастарының басты тармағына айналып келеді. Бұл ретте ең алдымен, Қытайдың бастамасымен қолға алынған болашағынан зор үміт күттіретін «Бір белдеу, бір жол» жобасын және «Солтүстік – Оңтүстік» халықаралық көлік дәлізін атап өтуге болады. Бұл жобаларға өңірдегі елдердің бәрі белгілі бір деңгейде қатысып жатыр.

Қазір біздің мемлекеттеріміз жаңа көлік дәліздерін қалыптастыруға қатысты басқа да маңызды идеяларды жүзеге асыруға кірісті. Қазақстан өзінің серіктестерімен бірлесіп, Транскаспий халықаралық көлік бағдарын (Орта дәліз) барынша дамытып жатыр. Осы бағытпен тасымалданатын жүк көлемі орта мерзімде бес есеге артуы мүмкін.

Қазақстанда теңіз инфрақұрылымының, яғни Ақтау және Құрық аймақтарының дамуына байланысты жаңа мүмкіндіктер ашылып жатыр. Аталған порттар арқылы Қытайда, Орталық Азия елдерінен Оңтүстік Кавказға, Түркияға, одан әрі Еуропаға жөнелтілетін жүк көлемі артып келеді.

Қазір Ауғанстан аумағы арқылы өтетін көлік дәліздерін ашу қарастырылып жатыр. Бұл қадам Оңтүстік Азия елдерінің әлеуеті мол нарықтарына және Үнді мұхитындағы аймақтарға шығуға жол ашады. Бұған осы өңірдегі бүкіл ел мүдделі. Біз Орталық Азияның өз ішінде және одан тысқары елдермен көлік саласындағы ынтымақтастық ауқымын кеңейту арқылы көптеген мақсатқа жете аламыз.

Көлік қатынастарын кешенді түрде жақсарту (өуе рейстерінің жиілігін арттыру, жаңа өуе және теміржол бағыттарын іске қосу, шекарадағы өткелдерді жаңғырту, т.б.), инновациялық технологияларды енгізе отырып, көлік инфрақұрылымын қарқынды дамуын қамтамасыз ету, транзит мүмкіндіктерін кеңейту және өңірдің транзиттік-логистикалық әлеуетін тиімді пайдалану мәселелері болашақта біздің өлдеріміздің транзит-көлік саласындағы ықпалдастығының негізгі бағыттарына айналуға тиіс.

Төртінші. Су, энергетика және асық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ортақ ұстанымдарды әзірлеу.

Соңғы жылдары аймақтағы барлық ел су тапшылығын көріп отыр. Бұл жағдай ауыл шаруашылығы өнбекерлерінің әлеуметтік-экономикалық жағдайын төмендетіп, халыққа дәуір запылын тигізді. Осы ретте Халықаралық Аралды құтқару қорының (ХАҚҚ) аса маңызды су-энергетикалық, экологиялық және әлеуметтік-экономикалық проблемаларды талқылау және шешу жолындағы бірегей өңірлік құрылым ретінде айрықша рөл атқаратынын атап өткім келеді.

Су мәселесі өңірдің азық-түлік қауіпсіздігімен тығыз байланысты. Сондықтан Қазақстан ХАҚҚ-тың қазіргі тарағасы ретінде осы қордың аясындағы ынтымақтастықты жандандыруды, сондай-ақ азық-түлік мәселесін де қамти отырып, Халықаралық су-энергетика консорциумын бірге құруды ұсынды. Біздің өліміз бұл мәселелерді шешу жолындағы сындарлы әрі ашық диалогке қашанда қолдау білдіреді.

Қырғызстандағы Қамбар ата 1-ГЭС-інің және Тәжікстандағы Роғун ГЭС-інің құрылысы бүкіл өңір үшін энергетика саласындағы ғасыр жобасына айналуы мүмкін. Бұл нысандарды салу барлық тарапқа жан-жақты ықпал етеді.

Барша адамзатты азық-түлікпен қамтамасыз ету ісіне әлі де жалғасып жатқан геосаяси дағдарыстар кесірін тигізіп отыр. Орталық Азия өлдерінің сыртқы факторларға тәуелділігін азайту үшін осы бағытта өзара үйлестірілген шаралар қабылдау қажеттігі туындады. Сол үшін Қазақстан Орталық Азияда азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің 2030 жылға дейінгі стратегиялық жоспарын жасап, бес ел арасында талдау жүргізіп, деректер алмасатын бірыңғай ақпараттық платформа қалыптастыруды ұсынды.

Жаһандық климаттың өзгеруінің салдарын азайтатын маңызды қадам – «жасыл» экономикаға көшу. Өңір елдерінде жаңартылатын энергетикалық өздеріндегі үлкен табиғи әлеуетін іске асыруға ұмтылыс бар. Мәселен, Қазақстан 2030 жылға қарай ЖЭК үлесін 15 пайызға дейін жеткізуді жоспарлап отыр. Ал 2060 жылға қарай біз көміртегі бейтараптығына қол жеткізуге ниеттіміз.

Жаңартылатын энергия көздерін кеңінен пайдалану парниктік газ шығарындыларын азайту арқылы қоршаған ортаға пайдасын тигізіп қана қоймай, энергетикалық қауіпсіздікті арттыруға және жаңа жұмыс орындарын құруға ықпал етеді. Білім, ресурс және озық тәжірибелер алмасуды жалғастыру осы саладағы ынтымақтастықты нығайта түсуге септігін тигізеді.

Бесінші. Орталық Азияның ең маңызды және ең құнды ресурсы – білімді жас ұрпақ.

Орталық Азия – әлемдегі хал-қы ең жақ өңірдің бірі. Аймақ тұрғындарының орташа жасы – небәрі 28,7. БҰҰ-ның болжамына сүйенсек, 2040 жылға қарай азаматтарымыздың орташа жасы одан әрі төмендеп, 28,3-ке жетеді. Бұл – Солтүстік Америка (41,5), Еуропа (46,8), Қытай (48) сияқты басқа өңірлерге қатысты болжамдардан әлдеқайда төмен көрсеткіш.

Мұны бес елдің де экономикалық және әлеуметтік дамуына кең жол ашатын бірегей бәсекелік артықшылық деуге болады. Жастар экономика, технология және мәдениет салаларындағы жаңару үдерістерінің қозғаушы күші бола алады. Жаһандық

бәсекелестік жағдайында табысқа жетудің кілті өскелең ұрпақтың қолында.

Осы орайда ғылым-білім саласындағы ынтымақтастықты тереңдету, жастар арасындағы байланысты нығайту және жас ұрпаққа тың мүмкіндіктер беріп, әлеуетін асыруға бағытталған ортақ құрылымдар қалыптастыру – өзекті міндет.

Қазақстан жоғары оқу орындары арасындағы ықпалдастықты дамыту, бір-бірінің аумағында білім ордларының филиалдарын және ортақ факультеттер ашу ісіне барынша қолдау білдіреді. Біз көрші елдер жастарының Қазақстанда жоғары білім алуға деген ұмтылысын жоғары бағалаймыз және олардың өз университеттерімізде оқуына берілетін квота санын біршама арттырамыз. Бүгінде Қазақстанның жоғары оқу орындарында Орталық Азиядан келген 9 мыңға жуық студент білім алып жүр.

Кейінгі жылдары өлімізде шетелдің бірқатар жетекші университеттің өкілдері ашылды. Ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын жоғары оқу орындарының саны артып келеді. Технологиялық парктер мен инженерлік орталықтар ашылып жатыр. Бұл жұмыс Қазақстанды өңірлік білім беру хабына айналыдыр жөніндегі стратегиялық мақсатымыздың аясында жүргізіліп отыр. Біз жоғары білім берудің Орталық Азиядағы бірыңғай кеңістігін құру жолында күш-жігерімізді біріктіріп, сеніммен алға қадам бастық.

Алтыншы. Бауырлас халықтардың мәдени-гуманитарлық байланыстарын үйлестіру негізінде өлдеріміздің өркениеттік бірегейлігін қалыптастыру маңызды миссияға айналып келеді.

Орталық Азияның заманауи келбетін жасай отырып, біз азаматтарымыздың ұлттық және өңірлік бірегейлігіне жаңа көзқарасты да қалыптастырамыз. Бізді Орталық Азияға тән айрықша болмысымыз біріктіреді. Төл мәдениетіміз бен дәстүрлеріміз де соның негізінде қалыптасқан. Ортақ тарихи тамырларымыз құрметтеу, мәдениетаралық диалог және конфессияаралық келісім Орталық Азия бірегейлігінің өзегі саналады.

Тарихи жадымыз – халықтарымыздың ұлттық сана-сезімінің мызғымас тұғыры. Біз ата-бабаларымыздың жетістіктерін және бай мәдениетімізді мақтан тұтамыз. Осы орында мақтаншы қазір барша ұлттардың табысты дамуына, сондай-ақ олардың болашаққа сеніммен қадам басуына қуатты серпін береді. Сондықтан біз ортақ тарихымыздың жарқын беттерін көбірек назар аударуға тиіспіз. Орталық Азияның жалпы тарихын түркі, парсы, араб, қытай, Ресей және Батыс Еуропа деректеріне сүйеніп жазу маңызды міндет деп санаймын.

Жаһандық бәсекеге қабілетімізді арттыру үшін біз бірлігімізді сақтай отырып, ортақ мақсаттарға үздіксіз ұмтылуымыз керек. Ұлы Абай «Бірлік – ақылға бірлік» деп бекер айтпаған. Қазір жер жүзінде геосаяси жобалар мен идеологиялар деріп-теліп жатыр. Мұндай жағдайда біз өзімізге тән қонақжайлық, ынтымақ және өзара қамқорлық сияқты қасиеттерімізді, сондай-ақ отбасылық құндылықтарымызды және басқа да озық дәстүрлерімізді қамтитын рухани-мәдени қодымызды көздің қарашығындай сақтауымыз керек.

Сөз соңында өңірлік ынтымақтастықтың шынайы ахуал ғана емес, өмірлік қажеттілік екенін атап айтқым келеді.

Геосаяси белгісіздік белең алып, әлемдік тәртіптің қалыптасқан үлгісі ыдырап тұрған қазіргі жағдайда бұл – шын мәнінде, бірден-бір оңтайлы тәсіл. Біздің болашағымыз бірлігімізді нығайтуға, өзара сенімді арттыруға және барша өлемге ашық болуға байланысты. Осы қағидаттардың негізінде ғана біз Орталық Азияның серпіні, инновациялық және мәдени бай өңір ретіндегі ренессансын қамтамасыз ете аламыз.

Өңірлік бірлік парадигмасын күшейту қазіргі және болашақтағы сыртқатерлерге барынша лайықты жауап болады, жағымсыз үрдістерді тежеуге қатысты ортақ ұстанымдарды әзірлеуге мүмкіндік береді, кез келген сыртқы күшке қарсы тұруға қажетті пәрменді шаралардың негізіне айналады. Сол үшін Қазақстанның ұсынысы бойынша Аймақтық кооперацияны дамыту жөніндегі «Орталық Азия – 2040» тұжырымдамасы дайындалды. Онда көпқырлы және бесжақты ықпалдастықты одан әрі дамыту бағдарлары айқындалған.

Біз өз тарапымыздан «Табысты Орталық Азия – табысты Қазақстан» қағидатын дәйекті түрде ұстанып келеміз және өңірдегі стратегиялық әріптестеріміз бен одақтастарымыз интеграциялық үдерістерді одан әрі дамытуға қаншалықты дайын болса, біз де соншалықты дайын екенімізді мәлімдейміз.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
Қазақстан Республикасының
Президенті

Жалағаш жаршысы – 90 жыл

Баспахана мен басылым ұжымы бірлікті ту етті



Тоқсан жылдық тарихы бар «Жалағаш жаршысының» жұмысы аудандық баспаханамен тікелей байланысты болды. Өйткені редакцияда жазылған материалдар редактордың сүзгісінен өткен соң баспаханаға линотипке беріліп теріледі. Терілген материалдарды алған әріп терушілер жауапты хатшының жасаған макеті бойынша газет беттерін дайындайды. Содан кейін дайындалған беттер баспа машинасына беріліп, газеттің кезекті нөмірі басылып шығады, аудандық пошта бөлімшесі арқылы оқырмандарға жол тартады. Редакция мен баспахана мекемесі бірге аталып, бір ғимаратта бір мақсатта еңбек етті. Міне, сондықтан аудандағы өндіріс орындарының бірі баспаханың тарихы мен тіршілік тынысына тоқталып, өтпелі кезеңде бастан өткізген қиыншылықтарын да тарқаттық.

Бұған дейін 1934 жылы 10 қаңтарда Қаракеткен МТС жанынан саяси бөлімнің құрылуына байланысты «Колхозшы» газеті жарық көріп, Қармақшы ауданынан 52 колхоздың жиырмадан астамына партияның саясатын жүргізгенін айттық. 1939 жылы 17 қазанда Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен Жалағаш ауданының құрылуына байланысты «Колхозшы» газеті Қармақшыдан Жалағашқа көшірілді. Қолымызға тиген деректер бойынша газет жанындағы баспаханада бір әріп теруші, бір баспашы болған. Баспаханада «Американка» деп аталатын баспа машинасын алғаш рет Шумблов Ізмағанбет деген жігіт меңгеріп, жұмыс істеген. Өкінішке орай ол кісі 1941 жылы әскер қатарына шақырылып, кескілескен ұрыста майданнан оралмай хабарсыз кеткен. Одан кейін соғыстан жарақат алып өлге оралған Райымқұл Аманжолов та алғашқы газет басушылар қатарында айтылады. Енді алғашқы әріп терушілер қатарында жалағаштық Тынымқұл Алдамжарова болса, оның құрамына кейін Сүйлеймен Тоқсанбаев, Қалтай Ұзақова, Айнагул Төліповалар қосылып, бірге еңбек еткен.

Аудан құрылғаннан кейін Жалағаштың Қармақшыға бірнеше рет қосылғанын білеміз. Ал 1965 жылдың басында Қармақшы ауданынан еңші алған Жалағаш өз алдына аудан болып құрылды. Соған орай сол жылдың жазында жаңа аудандық «Жаңадария» газеті шыға бастады. Алайда алғашқы кездері тәжірибелі маман баспагерлер болмағандықтан газет басып шығару ісі оңайға соқпады. Ол кездері баспаханада құрал-жабдықтар өте тапшы еді. Әріп қолмен терілетін, газет аяқпен басылатын, линотип жиі бұзылатын. Электр жарығы жеткіліксіз болғандықтан түнде май шамды пайдаланады екен. Баспаханадағы жалғыз линотип газеттің төрт беттік мақалаларын теріп үлгіре алмайды. Соның кесірінен жұмыс өңбей, газет уақытынан көшігіп шыққан. Аудандық газетте ұзақ жыл қызмет атқарып, сегіз жыл редактор болып басшылық жасаған Мырзамұрат Ілиясов өз естелігінде баспахана жұмысының қиын кездеріні былайша баяндайды.

«Ол кезде қазіргідей теру машинасы қайда? Газет бетіндегі барлық мақалалар қолмен теріледі. Ал қазір осы теру машиналарының өзі өмір талабынан қалып барады. Баспаханадағы барлық теру жұмысы Зейнеп Қонысова, Балқұл Пірманова, Дөмеш Ахметова, Тынымқұл Алдамжарова, Сайлауқұл Тәжікенова, Ұмтай Қонысова сынды әріп терушілердің қолынан өтеді. Баспахана жұмысына жыл сайын талай адам келіп, қиындығына төзбей кетіп қалу көп болды. Сол алпысыншы жылдардың аяғы мен жетпісінші жылдардың бас кезінде теру машинасының машинисіне жұмысқа қабылданған Гүлістан Пірманова, Әсіма Рахымова, Құлпан Қорғанбаева, Зейнеп Кенжетәева мен Қоғажай Ергалиевалар, одан беріректе Маржан Баймаханова, Бақытқұл Ташкенобаева, Ақмарал Нұрғалиева теру жұмыстарын 100 пайыз механизм күшімен атқарылуын қамтамасыз етті. Сондай-ақ Сайлауқұл Тәжікенова, Жақсығұл Тәшенова, Роза Бақтыбаева, Тазәгул Ахметова, Зоя Сейтенова сынды әріп терушілер газет мақалаларын макетке сай орналастырып бекіту, безен-

діру, қателерді түзету, дайындау жұмыстарында да аса жауапкершілік танытты. Ал баспа машинисі Жұмабек Уақбаев газеттің бланкалары үшін қағаз қиып дайындау, теру машинасына металл ерітіп қую, газет пен бланкалар басып шығару, бұлып-түю жұмыстарының барлығында да ыждағаттылық көрсетті.

Сол кездегі қызмет еткен ардагерлердің айтуынша, аудандық баспаханың алғашқы меңгерушісі Берікбай Дүзелбаевтың басқа қызметке ауысуна байланысты баспахана жұмысы тұралап қалған. Тіпті баспа машинасы тоқтап қалған кезде бір аптада шығатын газеттің үш нөмірі де беттеулі күйінде басылмай қалатын көрінеді. Бірде теру машинасы, енді бірде қағаз қию машинасы бұзылып, газет шығару ісі қиынға соққан. Ама! жоқ, газет шығару үшін Тереңезек аудандық баспаханасына барып, көрші ауданның көмегіне жүгінген. Ал мұның өзі әріп терушілердің жұмысын тастап кетіп қалуына сеп болды.

Б.Дүзелбаевтан кейін Қармақшы ауданында аудандық баспаханың басқарған Венец Те аудандық баспаханаға меңгерушілікке тағайындалған. Бірақ ол кісі де бұл қызметті көп уақыт атқармай басқа қызметке ауысады. 1968 жылы аупарткомның және редакциялық кеңес мүшелерінің ұйғарымымен жергілікті радио хабарын ұйымдастырушы Тұрсынбай Төшенов баспаханаға басшылыққа келеді. Сол кезден бастап баспахана жұмысы бір ырықпен жүре бастайды.

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дейді бұрынғылар. Тұрсынбай қиындықтардың бәрінө шыдап бақты, үйренді, ізденді. Түрсекеңнің қара майға байланғанын көргенде замандастары: «Меңгерушісің бе, өлде механиксің бе?» деп әзілдейтін көрінеді. Ол сонда да намыстанбады. Тек баспаханасын аяғынан тік тұрғызуды ойлады. Баспахана жұмысына келіп, қиындығына төзбеу саябырсыды» деп жазды М.Ілиясов өз естелігінде.

1985 жылы Т.Төшенов аудандық газетке ауысып, белгілі журналист Бейбітбек Бүркітбаев сол жылы баспахана тігінін ұстады. 1987 жылы Б.Бүркітбаевтың облыстық баспаханаға директорылық қызметке ауысуына орай сол жылдан 1996 жылға дейін баспаханың ақын-журналист Мәлік Аялов басқарды.

1939 жылы Жалағаш кентіне көшіп келген редакция ұжымы қазіргі Абай көшесінің бойындағы бұрынғы тігін комбинаты орнындағы «Новое жизнь» артелинің қамыстан соғылған үйінде газет шығарады. Кейін Әйтеке би көшесі мен Сәрке батыр көшесінің қиылысындағы кафенің орнындағы арнаулы үйге қоныс аударып, 1972 жылға дейін сонда тұрған.

Газет ісі баспаханамен тығыз байланысты. 1972 жылы желтоқсан айында Сәрке батыр мен Бұқарбай батыр көшелерінің қиылысында қосқабатты баспа үйінің жаңадан салынып пайдалануға берілуі редакция мен баспахана өміріндегі ең ұмытылмас, ең ерекше айлардың бірі болды. Газеттің жаңа жылға арналған мерекелік нөмірі осы баспа үйінде басылып шықты. Жаңа баспа үйі қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілді. Әріп теретін линотип пен қағаз қиятын, газет басатын машиналар келіп, жұмыстың көпшілігі механизммен атқарылатын болды. Әріп терушілер мен баспа

машинистері арнаулы курстарда оқып, тәжірибе жинап, біліктіліктерін арттырып қайтты. Жаңа механизмдер мен білікті баспагерлердің жұмысы алға басып, еңбек өнімділігі артты.

Аудандағы өндіріс орны саналатын аудандық баспахана газет басып шығарумен бірге жылына 50-60 мың сомның өнімін өндіріп, жоспарларын асыра орындап отырды. Сөйтіп аудан экономикасы мен мәдениетінің дамуына үлес қосқан баспахана ұжымының аты ауданның «Құрмет» тақтасына жарыс жеңімпазы ретінде бірнеше рет жазылды. Аға әріп теруші Сайлауқұл Тәжікенова «Құрмет белгісі» орденімен марапатталса, теру машинисының машинисі Қоғажай Ергалиева аупартком құрамына сайланып, «Жалағаш ауданының құрметті азаматы» атағына ие болды. Сондай-ақ баспахана қызметкерлері аудандық, облыстық, республикалық дәрежеде марапатталды.

Ол тұста журналистер пен баспагерлер тығыз байланыста жұмыс жасады. Редактор қол қойған мақаланы тергізу үшін төменгі қабатқа теру цехына көлеміз. Мұнда екі линотип сартылдап жұмыс істеп тұр. Қорғасынның қоңырсыған иісі мен бұй қолқаны қабады. Жаздың ыстық күндерінде бұл жерде көп тұру мүмкін емес. Соған қарамастан жұмысына беріліп кеткен қыз-келіншектердің төзімділігіне тәнті боласың. Әріп терушілер де жұмыстан бас алмайды. Бірі көз өйнегінің астынан гранкіге үңіліп, шұқшыя әріп теріп, газеттің бетін жасауға кіріссе, енді бірі мекемелерден келген тапсырыстарды жасап жатады.

Баспа машинистерінің де жұмыс азабы аз емес. Газетті басып жатқанда кейде суреттергі, кейде әріптергі газет бетіне дұрыс түспей жататын жағдай жиі кездеседі. Бұдан кейін басылып шыққан газеттерді бұлып-түю, қағаз қию, металл еріту секілді жұмыстары жетіп жатыр. Аудан орталығында екіқабатты үлкен ғимаратта орналасқан сол кездегі аудандық баспахана мен редакция жұмысы бір сәтке тоқтаған емес. Олар басылымның уақытылы шығуы үшін уақытпен санаспай тер төкті. Жұмысқа ерте келіп, кеш қайтты. Сауаттылық пен жауапкершілікті қатар сезініп, газеттің қатесіз әрі сапалы шығуына зор үлес қосты. Жер астынан көн іздеген шахтерлер секілді баспагерлердің әріп теріп, қорғасынмен жұмыс жасауы адам азғасына кері әсерін тигізуші еді. Сондықтан оларға алдын ала арнаулы киімдер мен айран, сүт өнімдері беріліп тұрды.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін нарықты экономика заңы аудандық баспахана жұмысында тұралатып тастады. Қаржы тапшылығынан қыс маусымында жылу қазандығы ажыратылған баспахана цехтар мен баспа машиналары тұрған цехтарда суықтан бояулар мен қайнатылған қорғасындар, нәзік детальдер сірсіп қатып жатты. Ама! қанша, қолдан орнатылған «буржуйка» пешіне от жағып шығылып, өлместің күнін көрдік. Ал редакцияда мұханаға айналған кабинеттерде қағаз жазу мүмкін емес еді. Қашан бір-екі белмеге контрамарка пеш салып алғанша кезекті нөмірдің материалдарын үйден жазып келетін едік. Кейде аптасына төрт беттік емес, екі беттік газетімзді шығарғанмызға қуанатын едік.

Осындай қиыншылықтарға қарамастан редакция мен баспахана ұжымы үлкен ұйымшылдықпен нағыз патриоттықтың

үлгісін көрсетті. Түн жарымына дейін, кейде таң атқанша жұмыс істеп, қолмен әріп теріп, газет беттеп, баспа машинасымен газеттің кезекті нөмірін басып шығаратын баспахана қызметкерлерінің еңбегі нағыз өрлікпен пара-пар еді. Олар қалыптасқан тәртіп пен береке-бірлігінің арқасында уақытпен санаспай жұмыс істеп, өз міндеттерін абыроймен атқара білді. Баспаханың әріп терушілері Сайлауқұл Тәжікенова, Жақсығұл Төшенова, Рая Кенжебаева, Тазәгул Ахметова, Зоя Сейтенова, линотип терушілері Қоғажай Ергалиева, Маржан Баймаханова, баспа машинистері Жұмабек Уақбаев, Еркін Жұмабеков, есепші Сәуен Ахметова, техникалық қызметкерлер Дөмеш Ахметова, Гүлпаршын Есетовалар нарық қиыншылығына қарсы тұрып, қажырлық танытты.

2002 жылдан бастап газет шығару ісі толықтай компьютерге көшірілді. Соған байланысты кезінде отыз шақты адам еңбек еткен аудандағы бірден бір өнеркәсіп орны баспахана жұмысын тоқтатты. Соған орай аудандық «Жалағаш жаршысы» газетінің материалдары редакцияда компьютерде теріліп, беттеліп, Қызылордадағы «Полиграфия» баспа үйінде, одан кейін Қызылордадағы «Принт» баспаханасында басылып шыға бастады. Ал 2014 жылдан бері «Жалағаш жаршысы» «Сыр медиа» ЖШС-ның баспаханасында аптасына екі рет басылып шығады.

Менің баспасөз саласындағы еңбек жолым сексенінші жылдардың бас кезінде (бұрынғы Жаңадария) қазіргі «Жалағаш жаршысы» газетінде аудандық радио хабарын тарату редакциясынан басталды. Аудандағы рухани орталық ұжыммен жұмыс жасау бірден оңайға соқпады. Аптасына үш рет шығатын газеттің кезекті нөміріне мақала жазып, кезекші болып газет шығармаған Дүйсенбі, сәрсенбі, жұма күндері көшілкіп ол бес минут аудандық пошта бөлімшесіндегі студияға барып радио хабарын жүргіземін. Намысқа тырысып қарекет қылсаң, мақсатыңа жетеді екенсің. Оқып, ізденіп, еңбектеніп жүріп мақала жазуға да машықтанып қалдың. Міне, осылайша күнделікті жұмыс ырығағы қайталанып, уақыт сынаптай сырғып өтіп жатты. Қызмет, мансап деген аттелік секілді ауысып тұрады. Төменгі сатыдан бастап жоғарылап, әр жылдары әдеби қызметкер, сектор меңгеруші, жауапты хатшы, редактордың орынбасары, бас редактор, аудан өкімінің баспасөз хатшысы қызметтерін абыроймен атқардым.

«Келінінің бетін кім асса, сол ыстық» дейді, мені газетке шақырып, жұмысқа қабылдап, алғаш шығармашылық жолда тұсауымды кескен ақын, жазушы-журналист Зордан Салықбаев мінезі жайлы, салмақты әр сөзі салхилы, талапшыл тиянақты болмысы беззат, біртуар азамат еді. Сол кісінің ақыл-кеңесін алып, жақсылық-шаралаттың, қамқорлығын көрдік. Енді ойлап отырсаң, Зордан ағайдан бастап есептегенде он редактормен және қаламы жүрдек журналистермен бірге қызмет еткенімді әрдайым мақтан тұтамын. Өкінішке орай әріптестерімнің көбісі аралыда жоқ, бірінен соң бірі бақилық бол кетті. Ендігі кезекте тірі жүрген біздерге бақилық болған қаламдасарды еске алып, естелік жазу азаматтың парыз болмақ.

Серік БЕРТАЕВ, ардагер «журналист»

«Ауыл аманаты»: жобаның екінші кезеңі басталады

Жалпы микрокредиттер 5 жылға дейінгі мерзімге, ал мал шаруашылығы саласындағы жобалар үшін 7 жылға дейін беріледі. Микрокредиттің ең жоғары сомасы ауылдық елді мекендерде және шағын қалаларда 2,5 мың АЕК-ге дейінгі соманы құрайды. Зәкірлік кооперацияны дамыту үшін 8 мың АЕК бекітілген. Номиналды сыйақы мөлшерлемесі 2,5 пайыздан аспайды.

Айта кетейік, несие алушыларға бірқатар талап қойылады. Несие алушы жеке кәсіпкер болып тіркелуі тиіс. Басқа да несиелер бойынша мерзімі өткен жарнаның болмауы, мемлекеттік кірістер органдар алдында бере- шектің болмауы, несие алушының жасы зейнеткерлік жастан аспауы тиіс, несиеі кепілмен қамтамасыз өту, ауыл шаруашылығын жүргізу үшін қажетті жағдайлардың болуы, құрылған ауыл шаруашылық өндірісті копе- ративіне мүшелікке кіруі керек.

Биыл кепілге қойылатын мүліктерді қабылдау тәртібіне де өзгерістер енгізілген. Енді кепіл мүлікке қойы- латын талаптар толығымен алынып тасталды, яғни бағдарламаға қатысу үшін кепіл мүлікке тәуелсіз бағалау жасалып, қатысуға мүмкіндік беріледі.

Ауданға тоқталсақ, биыл кент, ауылдық округтер арқылы «Ауыл аманаты» жобасына 318,3 млн тең- гені құрайтын 49 жоба дайындалған. Қазіргі таңда қар- жыландыру басталды. Былтыр да аудан жұрты аталған жобаның игілігін көріп, жарқын жобаларды жүзеге асырған болатын. Бұл бағдарламаның жалағаштықтарға тиімді болып отырғанын биыл құжат дайындағандар қатарының көбейгенінен аңғару қиын емес. Егер аталған жобалар қолдау тапса, өңірде бір жағынан жұмыссыздық деңгейі төмендеп, әлеуметтің әлеуеті артапак.

Жандос ЖАЗКЕН

БАСЫ 1-BETTE

Сақтансаң, сақтайды

Қауіпсіздік қатердің алдын алады

Жаз мезгілі аяқталып, жылу маусымының басталуына да аз уақыт қалды. «Қыстың қамын жаз ойла» демекші, аудан тұрғындары пештер мен жылытқыш электр құралдарын қыс мезгіліне дайындай бастайды.

Қатты суықта, желді ауа райында тұрғындар қосымша жылыту құралдарын қолданады. Нақтырақ айтсақ, плит- калар, электр жылытқыштар, кейде қолдан жасалған электр құралдары да кездесіп жатады. Алайда мұның бәрі бақы- лаусыз өрттің пайда болуына әкелуі мүмкін. Осындай оқиға- лардың алдын алу үшін қарапайым өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтау қажет.

Пешпен қолдану кезінде қауіпсіздік ережелері қаперде болғаны дұрыс. Жылу маусымының басында жылыту құралдарын тексеріп жөндеу қажет. Жеке үй иеліктерінде түтін мен құбырларды күбіден тазартқан дұрыс. Пешті қыздыруға және қатты отынмен жағу үшін бензин, керосін, басқа да тез тұтанатын сұйықтықтарды қолдануға болмайды. Балаларға пешті жағуды тапсырмаңыз. Пештерде және олардың жанында киімді, отынды және басқа да материалдарды кептіру қауіпті. Жылыту пештерінің жанында отынды, тез тұтанатын сұйықтықтарды, жаңғыш материалдарды сақтауға және жанып жатқан пештерді қараусыз қалдыруға болмайды.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі

Жалағаш ауданы аумақтық сайлау комиссиясының ХАБАРЛАМАСЫ

Жалағаш ауданының аумақтық сайлау комиссиясының 2024 жылғы 7 тамыздағы №АК-24/02 қаулысымен Таң ауылдық округі шекарасында Таң ауылдық округі өкіміні сайлауы жөнінде сайлау округі құрылды.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Респуб-ликасының Конституциялық заңының 14-бабының 8–1-тармағына сәйкес және 113–1-бабының 1–тармағы 1) тармақшасының негізінде негізінде Жалағаш ауданының аумақтық сайлау комиссиясының 2024 жылғы 7 тамыздағы №АК-24/03 қаулысымен Таң ауылдық округі өкімінің сайлауы 2024 жылғы 15 қыркүйекке тағайындалды.

Таң ауылдық округі өкімінің сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспарына сәйкес, кандидаттарды ұсыну 2024 жылдың 8 тамызында басталады және 2024 жылдың 20 тамызында сағат 18.00-де аяқталады.

Кандидаттарды тіркеу барлық құжаттар талапқа сәйкестігі анықтал-ғаннан кейін басталады және 2024 жылдың 25 тамызында сағат 18.00-де аяқталады.

Жалағаш ауданының аумақтық сайлау комиссиясының орналас-қан мекен-жайы: Жалағаш ауданы Жалағаш кенті Желтоқсан көшесі №32, аудандық мемлекеттік кірістер басқармасының ғимараты. Телефондары: 8(72431) 31-7-19, 8(72431) 31-4-04, электронды поштасы: jalsay2019@mail.kz.

Жалағаш ауданының аумақтық сайлау комиссиясының құрамы: Қалыбаев Шарабан Макустович – төраға, Доспанов Танатар Сағалиович – төраға орынбасары, Қожақұлова Даша Нұрмұратқызы – хатшы, комиссия мүшелері: Байымбет Нұрлан Ержанұлы, Бектаева Ақбеле Алмасқызы, Құлумбаева Асия Мырзабековна, Кенжегара Ержас Темірханұлы.

№136 учаскелік сайлау комиссиясының орналасқан мекен-жайы: Таң ауылдық округі, Таң ауылы, Орынбай жасау көшесі №14, «Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің» «№ 118 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты. Телефоны: 8(724 31) 37-1-45.

№136 учаскелік сайлау комиссиясының құрамы: Әбдиев Нұрбек Мұратұлы – төраға, Ізбасарұлы Арман – төраға орынбасары, Жәнібекова Жанат Амирбековна хатшы, комиссия мүшелері: Садуова Жамила Нұрылдаевна, Есжанов Жақсыбек Оразбекұлы.

Жалағаш ауданының аумақтық сайлау комиссиясы

Бос орындарды мамандармен толықтыруда Сыр елі көш басында

Жуырда ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің алқасы өтті. Онда аймақтың жартыжылдық жұмысы сараланды. Облыстағы мемлекеттік қызметшілердің штат саны алты айда 3 349 бірлікті құрады. Оның 151-саяси мемлекеттік қызметші болса, 3 334-і – «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілері. Ал Бос орындар саны – 56.

Айта кетейік, бос орындарды дер кезінде мамандармен толықтырып отыру көрсеткіші бойынша Сыр өңірі көш бастап тұр. Басшылық лауазымдағы әйелдер саны – 305. Нақты қызмет атқаратын мемлекеттік қызметшілердің 95,1 пайызы жоғары білімді. Аймақтағы мемлекеттік қызметшілердің 24 пайызын 35 жасқа дейінгі жастар құрайды. Мемлекеттік қыз- метшілердің 3 274-і қазақ, қалғаны өзге ұлт өкілдері.

Өңірде 24 ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының, 4 «Болашақ» бағдарламасының түлгі мемлекеттік қызметте істейді. Есепті кезеңде 36 қызметші өз өркімен қызметтен кеткен. Өткен жылдың тиісті кезеңімен салыс- тырғанда қард тұрақтылығы байқалды. Сонымен қатар 2 мемлекеттік қызметші теріс себептермен жұмыстан босатылған. Мемлекеттік әкімшілік қызметке кіруге

үміткерлерді тестілеуге 1201 адам қа- тесіп, оның 24,3 пайызы шекті мәннен төмен емес нәтижеге ие болды. Құқық қорғау органдарына алғаш кіретін азамат- тарды тестілеуге

320 адам қатысып, оның 29,4 пайызы өткен. Облыстағы барлық деңгейдегі мемлекеттік органдарда 322 бос лауазым- дарға орналасуға конкурстар өткен. Оған 395 адам қатысқан. Нәтижесінде 217 үміт- кер бос лауазымдарға қабылданды. Ішкі конкурстар нәтижесімен жұмысқа қабыл- данған 84 үміткердің 71,5 пайызы жоғары лауазымдарға тағайындалды. Осы көрсеткіштерден өңірде меритократия қағи- датына басымдылық берілгенін байқауға болады.

Былтырдан бері аудандық және ауыл- дық елді мекендерде мемлекеттік орган- дардың төменгі бос лауазымдарына мемлекеттік грантпен үздік бітірген түлектерді

қызметке орналастыру жұмыстары жал- ғасуда. Өткен кезеңде қолданыстағы мемлекеттік қызмет туралы заңның осы тетіктерін пайдалана отырып, 3 түлек бос тұрған лауазымдарға тағайындалып, қыз- мет атқаруда.

Әдеп жөніндегі кеңеспен 6 айда 6 отырыс өтіп, 34 мәселе қаралды. Мәсе- лелердің 13-і тәртіптік іс болса, 21-і про- фильтикалық бағыттағы есеп пен талдау қорытындылары. Яғни қаралған мәсе- лелердің 38,2 пайызы тәртіптік істер, 61,8 пайызы профилактикалық бағыттағы есептер мен талдау қорытындылары. Кеңес отырыстарында Әдеп кодексінің талаптарын бұзу бойынша 2 тәртіптік іс, мемлекеттік қызметке кір келтіретін те- ріс қылықтар бойынша 11 тәртіптік іс қа- ралды. Нәтижесінде 9 тәртіптік іс тоқта- тылса, Әдеп кодексінің талаптарын бұзғаны үшін 1 қызметші, мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қы- лықтарға жол бергені үшін 3 қызметші тәртіптік жауапкершілікке тартылды. Бар- лық қаралған мәселелер жергілікті БАҚ- та жарық көрді. Профилактикалық мәсе- лелерді қарау тәжірибесімен Әдеп жөніндегі кеңеспен 177 ұсыныс енгізіліп, толық орын- далды. Сонымен қатар Әдеп жөніндегі кеңес мүшелерімен 64 жеке қабылдау өткізіліп, 104 азамат қабылдауда болды.

Мемлекеттік қызмет саласын бақылау бағытында 76 жолданым қаралған, оның ішінде 33 басқарманың құзыреті шегінде қаралды, 42-сі басқа органға жолданды, 1 жолданым иесінің өтініші бойынша қа- раусыз қалдырылды. Бұл бағытта бар- лығы 23 тексеру жүргізілді, оның ішінде 6 профилактикалық бақылау шарасы және 17 жоспардан тыс тексеру бар. 143 бұзу- шылық анықталып, мемлекеттік қызмет саласындағы заңнама бұзушылықтарын жою туралы мемлекеттік органдарға 11 нұсқама енгізіліп толық орындалды.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге тоқталсақ, өңірде мемлекеттік органдар- мен 374 мемлекеттік қызмет түрі көрсеті- леді. Жалпы облыстағы қызмет беруші мекемелер тарапынан есепті кезеңде 3 417 749 қызмет көрсетілген. Оның 85,6 пайызы жергілікті атқарушы органдармен, 14,4 пайызы аумақтық мемлекеттік ор- гандармен жүзеге асқан. Бұл бағытта 35 бақылау іс-шарасы өтті, оның ішінде 6 профилактикалық бақылау, 21 жеке және заңды тұлғалардың жолданымдары бойынша тексеру, мемлекеттік органдар- дың хабарламалары бойынша 8 тексеру жүргізілген. Профилактикалық бақылау, жеке және заңды тұлғалардың жолда- нымдары бойынша тексеру және қашық- тықтан мониторинг нәтижесінде жалпы

2081 бұзушылық анықталды. Ең жиі орын алатын бұзушылықтардың қатарында қыз- мет көрсету тәртібін бұзу, жұмыс кестесін сақтамау, мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін бұзу, артық құжаттар талап ету және өзге де бұзушылықтар бар.

Осыған дейін мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қатысты 36 өтініш түсті, 21-і бойынша тексеру жүргізілді, 7 қызмет алушының дәлелдері расталып, құқығы қорғалды. Мемлекеттік органға сұрау салу арқылы 1 қ

Қабылдау



Сала мамандары құрмет төрінде

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен осыдан 26 жыл бұрын, яғни 1998 жылы тамыз айының алғашқы жексенбісі көлік саласы қызметкерлерінің күні болып бекітілген. Ал 1956 жылдан бастап 12 тамыз күні «Құрылысшылар күні» атап өтіліп келеді. Кәсіби мереке қарсаңында аудан әкімі Ардақ Ибраимов қос сала қызметкерлерін қабылдап, бірқатар сала маманы мен ардагерлеріне құрмет көрсетті.

Елмен елді жалғастырып, алысты жақын етіп, бөрекелі бірлікке ұластырып отырған көлік саласының еліміз үшін маңызы зор. Көлік инфрақұрылымы қызметкерлерінің күнделікті адал еңбегінің, кәсібилігінің және қай іске де жауапкершілікпен қарауының арқасында саланы жаңғырту, жолаушыларға қызмет көрсету сапасын арттыру, жүктерді жеткізу, көлік инфрақұрылымын жетілдіру, қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша міндеттер елімізде табысты шешілуде.

Қазіргі таңда аудан бойынша елді мекендерге бағытталған негізгі күрежолдардың барлығына күрделі жөндеу жұмыстары жасалған. Сондай-ақ Ел Президентінің, Үкімет басшысының және облыс әкімінің қолдауымен ауданаралық жолдардың мәселелері толық шешімін тапқан.

– Жалағаш ауданының автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы 240,9 шақырымды құрайды және ауданда 228 көше бар. Бұл жолдардың бүгінгі күні 93 пайызы жақсы және қанағаттанарлық жағдайда. Аудан бойынша көнтішілік, ауданаралық және ауданішілік бағыттар бойынша «Маржан-2002» ЖШС тасымалдау жұмыстарын жүзеге асырады. Бұл жұмыстарды үйлестіру үшін автовокзал мекемесінде 4 қызметкер және 25 көлік жүргізуші жұмыс жасайды. Халық үшін маңызы зор тағы да бір көлік түрі ол – пойыз. Аудан аумағынан 47 шақырым теміржол өтіп, оның бойында 3 станция, 3 развезд орналасқан. Тәулігіне 50 адамға дейін қызмет көрсету мүмкіндігі бар теміржол вокзалында 10 қызметкер жолаушыларға сапалы қызмет көрсетіп келеді, – деді аудан әкімі Ардақ Әбдіғалпарұлы.

Ауданның, ауылдың сәнін келтіріп, айшықтап тұрған құрылыста бүгінгі сала ардагерлерінің қалдырған қолтаңбасы бар. Себебі олар – өңір аумағындағы әлеуметтік және өндірістік нысандарды сапалы және мерзімінде іске қосуға өлшеусіз үлес қосқан бабықтырмен жарақталған. Салтанатты жиында Ардақ Әбдіғалпарұлы ауданда құрылыс саласында атқарылып жатқан бірқатар жұмысты тілге тиек етті.

– Биыл жартыжылдықтың қорытындысы бойынша құрылыс жұмыстарының көлемі 4 млрд 627 млн теңгеге орындалып, өткен жылмен салыстырғанда 132,6 пайызға артқан. Есепті мерзімге 14 мың шаршы метр болатын пайдалануға берілген тұрғын үй көлемі 104,2 пайызға орындалған. Өздеріңізге белгілі быттыр аймақ басшысының қолдауымен теміржол арқылы өтетін жаяу жүргіншілерге арналған аспалы көпір, ҚР Ұлттық қоры есебінен халықтың әлеуметтік жағиынан осал топтарына 50 тұрғын үй құрылысы аяқталып, ел игілігіне берілді, – деді А.Ибраимов.

Иә, ауданда қазіргі заманға сай сәулетті ғимараттар қатары жыл сайын артып, кеніттің келбетін көркем етуде. Мәселен, быттыр Мырзабай ахун және Есет батыр елді мекендерінен заманауи жабдықтармен жарақталған дәрігерлік амбулатория салынса, Таң және Еңбек ауылдық округтерінде түрлі нысандар ашылып, жаңа заманға сай ауылдар абаттандырылған.

Сонымен қатар кент орталығынан ашылған «Далида» сауда орталығы, «Ботақан» балалар ойын кешені, «Жас қыран» балабақша ғимараты, «Ар рахим» мешіті, аудандық Оқушылар үйі мен өнер мектебі сияқты ғимараттар кент келбетіне ерекше сан беріп тұр.

Бүгінде аудан халқының 45,1 пайызы көгілдір отынның игілігін көруде. Быттыр бастау алған Ақсу, М.Шәменов елді мекендерін газдандыру жұмыстары қазіргі таңда қарқынды жүргізіліп, биыл ел игілігіне беру көзделуде. Сондай-ақ осы жылдың ең ауқымды жобаларының бірі – «Руханият» орталығы, Аққыр елді мекенінде дене-шынықтыру-сауықтыру кешені, Қаракеткен ауылында типтік жобадағы жаңа дәрігерлік амбулатория, халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына берілетін 101 тұрғын үйдің құрылыстары бүгінде қарқынды жүріп жатыр. Заманауи нысандардың бой түзеуі, медициналық нысандардың салынуы, жылдар бойы армандап келген тегіс жолдардың, таза ауыз судың ауылдарға дейін жетуі құрылысшылардың күн-түн демей атқарған еселі еңбегімен келген игі іс екені хақ.

Жиында теміржол саласында 40 жылдан астам еңбек еткен Қатшатай Баекеева мереке қарсаңында назардан тыс қалдырмай құттықтаған аудан басшысына алғысын білдіріп, сала мамандарын кәсіби мерекемен құттықтады. Сондай-ақ ол бірнеше жылды артқа тастап, өзі жұмыс жасаған жылдарды еске алып, мамандығының қиыншылығымен бөлісті.

Салтанатты қабылдау соңында аудан басшысы тыныс-тіршілігіміз үшін аса маңызды салада білікті де білімді, іскер де қабілетті мамандар алға жылжытуда ерен еңбек етіп жатқанын жеткізіп, оларға ауданның әлеуметтік-экономикалық деңгейінің артуына өлшеусіз үлес қосқаны үшін құрмет көрсетіп, облыс, аудан әкімдерінің алғыс хатын табыстады.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Сұхбат



Құрылыс қарқын алды

Жалағаш ауданы соңғы жылдары құрылыс алаңына айналды десе де болады. Қуантарлығы, жергілікті халықтың талап-тілегінен туындаған мәселелер бұл бағыттағы жобаларға арқа болған. Мәселен, ауылдық жерлердегі емхана мәселесі оң шешімін тауып, жол сапасына жіті мән берілген. Елді мекендерде ауыз су жүйесі жаңартылып, электр желілері жаңғыртылуда. Нәтиже де жоқ емес, жергілікті жұрт қазір жарқын жобалардың игілігін көре бастады. Биыл да біршама жоба қолға алынған, бірақ олардың халық қашан игілігін көреді, алда елдің талап-тілегенен туындаған қандай мәселелер шешімін таппақ, жалпы мердігерлер салып жатқан құрылыс сапасы қаншалықты бақылауда? Осы және өзге де бірқатар сауалымызға жауап алу үшін аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы Ғалымжан Қайназаровпен сұхбаттасқан едік...

– Ғалымжан Әлиқбарұлы, ауданда быттыр жыл басында құрылысы қаланаан әлеуметтік нысандардың жергілікті халық бүгінде игілігін көруде. Биыл жемісті жобалардың жалғасы бола ма?

– Иә, быттыр ауданда құрылыс қарқын алып, елді мекендерде бірқатар мәселе шешімін тапты. Аламесек пен Мырзабай ахундағы ауылдық емхана, Аққұмдағы ауыз су, Қаракеткендегі электр жарығы, басқа да ауылдық елді мекендердегі кіреберіс жолдар мен ішкі көшелер мәселесі айтарлықтай шешімін тапты. Бірақ бұл «осымен ауданда барлық мәселе оң шешімін тапты» деген сөз емес. Биыл да аудан құрылыс алаңына айналып отыр. Мәселен, Жалағаш ауданы, Мырзабай ахун, Есет батыр, Темірбек Жүргенов, ауылының тұрғын үй секторының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын (электр беру желілерін) салу жұмыстары қарқын алды.

Быттыр жыл аяғында Жалағаш ауданы, Мырзабай ахун, Есет батыр, Темірбек Жүргенов ауылының тұрғын үй секторының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымының (электр беру желілерін) салу жұмыс жобасын 2023-2024 жылға өтпелі құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу мақсатында Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы арқылы конкурстар жүргізілді. Конкурс нәтижесі бойынша жеңімпаз мекеме-

лер де анықталды. Атап айтқанда, Мырзабай ахун елді мекеніндегі тұрғын үйлер секторының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым құрылысын (электр желілері) «РГ Нұрай Ақжол» ЖШС жүргізуде. Есет батыр елді мекеніндегі тұрғын үйлер секторының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым құрылысын (электр желілері) сапалы жүргізуде.

– Бұл жобаларды атқаруға бюджеттен қанша қаражат қаралды және құрылысының қанша пайызы бітіп тұр?

– Есет батыр ауылындағы аталған жобаны жүзеге асыруға 301,7 млн теңге қаралса, Мырзабай ахун ауылдық округіндегі жоғарыда айтыл өткен жобаға 128,4 млн теңге, Темірбек Жүргенов ауданындағы жобаға 398,1 млн теңге бөлінді.

Қазіргі таңда Есет батыр және Т.Жүргенов елді мекендерінде құрылыс монтаждау жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Аламесек ауылдық округі Есет батыр елді мекеніне ауыз су жүйесін жаңғырту және кеңейту жұмыстарының құрылысына мемлекеттік сатып алу конкурсы жарияланып, конкурс нәтижесінде «Бақ-Береке 2030» ЖШС жеңімпаз

болып танылып, келісім-шартқа отыру жұмыстары жүргізілуде. Аққыр ауылдық округіндегі «Аққыр» каналын қазу құрылысына мемлекеттік сатып алу конкурсы жарияланып, конкурс нәтижесінде «Жаңарту» ЖШС жеңімпаз болып танылып, келісім-шартқа отыруға жұмыс жасап жатырмыз.

– Аудан орталығындағы емдеу мекемелерінің көріз жүйесіне қатысты мәселенің көтерілгеніне де бірнеше жыл болды. Бұл мәселенің шешіміне қатысты арнайы жоба бар ма?

– Бұл мәселеден хабарымыз бар, аудан әкімі Ардақ Әбдіғалпарұлы бірінші кезекте елдің талап-тілегінен туындаған мәселелерге ерекше мән беруде. Оның ішінде жаңа өзіңіз айтып өткен мәселе де бар. Жалағаш кентінде емдеу мекемелеріне (100 төсек орындық орталық аурухана, 20 төсек орындық жұқпалы аурулар ауруханасы, ауысымына 250 адам қабылдайтын аудандық емхана) жаңадан көріз жүйесі құрылысына мемлекеттік сатып алу конкурсы жарияланып, конкурс нәтижесінде «ТауКенШахтаҚұрылыс» ЖШС жеңімпаз болып танылып, келісім-шартқа отыру жұмыстары жүргізілуде, яғни мердігер мекеме де анықталып отыр.

Мұнан бөлек Жалағаш кентінің бас жоспарына және Жалағаш ауданы, Аламесек, Мәдениет, Есет батыр, Бұқарбай батыр ауылдық округі елді мекендерінің дамыту және құрылысын

салу схемасына түзету енгізу жұмыстарына Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы арқылы конкурстар жүргізілді. Конкурс нәтижесі бойынша жеңімпаз мекемелер анықталып, жұмыстар жүргізілуде.

– Қазіргі таңда басқа да қандай жобалардың сметалық құжаттары дайын тұр?

– Жалағаш кентіндегі Желтоқсан көшесі №3 мекен-жайдағы әкімшілік ғимаратқа қосымша жылу қазандық ғимаратын салу және оны табиғи газға қосу, жылу жүйесіне жалғау жұмыстарына жобалау-сметалық құжаттары әзірленіп, сараптама өтті. Жобалаушы мекеме – «ПроектСервис» ЖШС. Сондай-ақ кенттегі қоқысқа арналған полигон салу (сұрыптау пункт) техникалық-экономикалық негіздемеге түзету» жоба-сметалық құжаттары сараптамадан өтуде.

– Жеке тұрғын үйлердің құрылысында қарқын бар ма?

– Биыл 6 айда 14079 шаршы метрді құрайтын 87 үй пайдалануға беріліп, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда меже артығымен орындалып отыр. Демек ауданда жеке тұрғын үйлер құрылысы қарқынды.

– Жалпы биыл да бірқатар жоба жүзеге асып жатыр екен, ал олардың сапасы қаншалықты бақылауда?

– Біз бірінші кезекте осы сапаны ерекше назарға аламыз. Бұған қатысты аудан әкімінің де арнайы тапсырмасы бар. Тіпті Ардақ Әбдіғалпарұлының өзі де құрылыс жүріп жатқан нысандарды аралап, құрылыс сапасын бақылап отырады. Бұл мәселе біздің де жіті назарымызда. Себебі осыныша жобаны қолға алудағы басты мақсат – ел ішіндегі мәселелердің шешімін табу. Демек бұл жобалар өміршең болуы тиіс. Сонда ғана ортақ мақсатқа қол жеткізе аламыз. Сондықтан аудандағы барлық нысанның құрылыс сапасы ерекше бақылауда.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Сұхбаттасқан Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Құрмет

Ардагерлер ардақталды

Құрылысшы – адамзат өркениетінің бастауында тұрған еліміздің ең танымал және құрметті мамандықтарының бірі. Осы ретте тамыз айының екінші жексенбісі – құрылысшылар күні болып бекітілген. Осыған орай ауданға ұзақ жылдар бойы еңбегі сіңген ардагер құрылысшыларға «Amanat» партиясы аудандық филиалының мәжіліс залында партияның «Ардагерлерді ардақтайық» жобасы аясында құрмет көрсетілді.

Мереке қарсаңында ауданның құрметті құрылысшы ардагерлердің үлгілі істері мен еңбек жолдары шараға қатысушы жастарға насихатталды. Ауданды көркейтуде аянбай еңбек еткен ардагерлерге «Amanat» партиясы аудандық филиалының төрағасы Әмірзақ Елеусінов, партия филиалының атқарушы хатшысы Қаншагүл Мұстафаева сый-құрмет көрсетіп, алғыс хат табыстады.

Кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын! Сіздердің ауданға сіңірген еңбектеріңіз зор. Зәулім ғимараттар мен тұрғын үйлер тұрғызып, ауданның экономикалық-әлеуметтік жағдайын жақсартуға үлес қостыңыздар. Аудан дамуында өзіңдік қолтаңбаларыңызды қалдырған сіздерге алғысымыз шексіз! Еңбегі елге сіңген ердің есімі ұмытылмайды, – деді филиал төрағасы.

Шараға құрылыс саласының ардагері, «ҚР Құрметті құрылысшысы» төсбелгісінің иегері Базарбай Наурызбаев та қатысты. Ол қызмет өткен жылдары ауданда бірқатар нысан бой көтерген. Мәселен, орталықтағы Қонысбек Қазантаев атындағы мәдениет үйі, Халық банк, сауда орталықтары сынды бірқатар ғимаратта ардагер құрылысшы қолтаңбасын қалдырған.

1965 жылы «Коммунизм» кеңсaрында құрылыста прораб қызметін атқардым. Сол жылдары аудандағы Әмірбай шешен, Амангелді, М.Шәменов, Мырзалеев сынды көшелерге тұрғын үйлерді салдық. Одан бөлек кент орталығынан

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның

түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



50 орындық балабақша, балалар ойын алаңы, мен кинотеатрлар салдық, – дейді құрыш қолды құрылысшы.

Сондай-ақ Базарбай Наурызбаев кент орталығындағы құрылыс жұмыстарымен ғана шектелмей, кентке қарасты елді мекендер де бірқатар құрылыс жұмыстарын жүргізіп, мектеп, тұрғын үй, сауда дүкендерінің құрылыс басында болған. Зейнет жасына шықса да, қазірдің өзінде құрылыстан қол үзбеген ол аудандағы «Манақ баба» фермерлік қожалығының құрылыс жұмыстарына қатысқан. Сондай-ақ Еңбек ауылдық округіндегі жол жөндеу

жұмыстарының сапалы орындалуында да белсенділік танытқан Ардагер құрылысшының ұзақ жылдық тәжірибесі бағаланып, бірнеше рет марапат төрінен көрінген. Мәселен, ол – Жалағаш ауданының құрметті азаматы. Одан бөлек ардагердің кеудесінен «Лениннің 100 жылдық» медалі, «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне – 10 жыл», «Қызылорда – 190 жыл», «Жалағаш – 70 жыл, 80 жыл» сынды медалдар орын алған.

Ақтоты БҰРКІТБАЙ

Меншік иесі:

СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор

Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық “Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:

Бас директор - 8(7242) 70-00-36

Бас редактор - 32-0-41

Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сөнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.

Тел.: 8(7242) 40-06-68.

Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2850 Тапсырыс № 1253